



KASE АПТАЛЫҒЫ

02–06 Ақпан, 2026

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне "Rokos Logistics" ЖШС [KZ2P00017221](#) (ROKSpp2), "Бәйтерек" Ұлттық инвестициялық холдингі" АҚ [KZ2C00015485](#) (BTRKb29), "BASS Gold" ЖШС [KZ2P00017130](#) (FPSTb7) облигациялары және "ҚазАгроҚаржы" АҚ облигацияларының [алты шығарылымы](#) енгізілді.
- KASE-де "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Груп)" ЖШС [KZ2P00016488](#) (CLSGb10), "Mogo Kazakhstan (Moro Қазақстан)" МҚҰ ЖШС [KZ2P00014483](#) (MFMOB31) және [KZ2P00014616](#) (MFMOB34), "Home Credit Bank" АҚ ("Forte Bank" АҚ ЕБ) [KZ2C00017119](#) (HCBNb21), "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00012011](#) (KFUSb75) облигацияларымен және [US23292B1044](#) (HEPSd) американдық депозитарлық қолхаттармен сауда-саттық ашылды.
- "Lender" Микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00016074](#) (MFLNb1) және "Fincraft Group" ЖШС [KZ2P00016579](#) (NCOMb10) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық режиміне ауыстырылды.
- "Tansar Capital" АҚ-қа бес атаудағы бағалы қағаздар бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- "BCC Invest" АҚ-қа "Сейф-Ломбард" ЖШС KZ2P00014491 (MFSLb11) облигациялары бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- KASE KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін акциялардың параметрлерін [өзгертті](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 333,5 млн МЕККАМ [KZK100000431](#) (MKM012_0162), 54,5 млн МЕУКАМ [KZKD00001319](#) (MUM072_0016) және 30,0 млн МЕТИКАМ [KZKT00000040](#) (MTM072_0001) орналастырды.
- BI Development Ltd. жеке компаниясы үшжылдық KZ2D00012838 (BIGDb3) облигацияларын орналастыра отырып, жазылым арқылы 20,0 млн [жинады](#).
- BI Development Ltd. жеке компаниясы жазылым арқылы екіжылдық KZ2D00012846 (BIGDb4) облигацияларын орналастыру арқылы \$10,3 млн [тартты](#).
- "Home Credit Bank" АҚ ("Forte Bank" АҚ ЕБ) KZ2C00017127 (HCBNb22) облигацияларын орналастыру арқылы 10,0 млрд теңге [тартты](#).
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ үшжылдық KZ2C00017093 (KAFIb19) облигацияларын орналастыру арқылы 50,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012060 (KFUSb80) облигацияларын орналастыру арқылы 9,6 млрд теңге [тартты](#).
- "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Груп)" ЖШС үшжылдық KZ2P00016744 (CLSGb15) облигацияларын орналастыра отырып, 55,7 млн теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "ҚазТрансОйл" АҚ 2026 жылдың 01 наурызынан бастап магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау қызметтеріне тарифтердің өзгергені туралы [хабарлады](#).
- "Онлайн Қазқаржы МҚҰ" АҚ эмитенттің бастамасы бойынша S&P Global Ratings агенттігі компанияның рейтингтерін қайтарып алғаны туралы [хабарлады](#).
- "Fincraft Group" ЖШС FG Limited жеке компаниясы мен Beineu Petroleum Limited жеке компаниясына иелік етуді [тоқтатты](#).


06.02.2026		Трендтер (%)	
KASE Индексі	7 560,91	-1,8	5,5
	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Apple Inc.	280,0	9,1	6,5
Bank of America Corporation	56,2	5,5	- 1,4
AT&T Inc.			
	27,0	5,0	12,7
Intel Corporation	50,6	4,6	28,4
Pfizer Inc.	27,2	2,8	5,5
АО "KM GOLD"	61,5	2,6	- 7,4
АО "Национальная компания "КазМұнайГаз"	24 600,0	2,5	13,7
АО "Банк ЦентрКредит"	4 750,1	0,4	- 0,2
АО "Кселл"			
	3 322,5	0,3	- 1,4
АО "Казхателеком"	44 577,0	0,1	0,2
АО "KEGOC"	1 464,0	- 0,5	- 4,7
АО "Эйр Астана"	860,9	- 1,1	- 2,9
АО "Народный Банк Казахстана"	395,0	- 1,7	5,5
АО "КазТрансОйл"	947,0	- 2,0	- 2,2
NVIDIA Corp.	184,8	- 3,5	- 2,5
AO Kaspi.kz	38 048,9	- 4,6	- 6,9
AO "ForteBank"	15,0	- 5,1	- 20,1
Freedom Holding Corp.	123,0	- 5,4	- 8,9
Tesla, Inc.	414,5	- 6,1	- 4,5
Microsoft Corporation	400,0	- 7,7	- 15,9
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	38 540,0	- 8,1	26,4
Advanced Micro Devices, Inc.	208,2	- 13,9	- 2,4
PayPal Holdings Inc.	40,0	- 23,7	- 32,7

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



KASE жергілікті индексі алдыңғы максимумдардан 7 560 тармақ белгісіне дейін қайтып, жетекші әлемдік нарықтармен корреляцияны көрсетті. Аптаның қорытындысы бойынша шығын 2 % құрады. Жасыл аймақта аптасына төрт индекстік акция жабылды, олардың тек біреуі ғана 1 %-дан асты.

ҚазМұнайГаз акциялары көшбасшы болды, олар бір апта ішінде 2 % қосты. Мұнай-газ секторының тағы бір өкілі – ҚазТрансОйл акциялары 2 % арзандады. ҚазТрансОйл хабарламасына сәйкес, 2026 жылдың қаңтарында компания Атасу-Алашанькоу магистральдық мұнай құбыры арқылы Қытай бағытында 1 млн 17 мың тонна мұнай тасымалдауды қамтамасыз етті, оның ішінде Ресей мұнайының транзиті 863 мың тоннаны, ал Қазақстан мұнайының экспорты 154 мың тоннаны құрады. Қазақстандық мұнайды Германияға "Дружба" мұнай құбыры жүйесі арқылы тасымалдау көлемі ағымдағы жылдың қаңтар айында 310 мың тоннаны құрады.

Жасыл аймақта байланыс саласы компанияларының акциялары бір аптаға жабылды. Кселл мен Қазхателекомның жай акциялары тиісінше 0,3 % және 0,1 % қосты.


ЦентрКредит Банкінің жай акциялары 0,4 % сәл қымбаттады. Өткен аптада ЦентрКредит Банкі акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 18 наурызда өткізілетіні туралы хабарлады, оның күн тәртібінде Банктің 2025 жылға жылдық қаржылық есептілігін бекіту және банктің өткен жылғы таза кірісін бөлу.

Қаржы секторының басқа өкілдерінің акциялары аптаны минуспен аяқтады. Халық банкінің жай акциялары 2 %, Kaspi.kz акциялары 5 % төмендеді.


Ең үлкен құлдырауды Қазатомөнеркәсіп акциялары тіркеді. Үш апталық раллиден кейін бағалы қағаз 8 % төмендеп, уран бағасының бір фунт үшін 85,7 долларға дейін төмендеуі аясында алдыңғы өсімнің бір бөлігін жоғалтты. Қазатомөнеркәсіп операциялық қызметтің нәтижелерін жариялады, оған сәйкес 2025 жылы уран өндіру көлемі мен сату көлемі 11 % ұлғайды. Топ бойынша өндіріс көлемін 2026 жылға қарай 27,5-29 мың тоннаға дейін, ал топ бойынша сату көлемін 19,5-20,5 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Ақша нарығында апта қорытындысы бойынша TONIA біркүндік репо тарту мөлшерлемесі жылдық 17,32 %-ға дейін төмендеді. Біркүндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 12,52 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Қаңтар айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 501,24 теңгеге дейін 0,9%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа бір күндік көлемі бір айда 359 млн АҚШ долларынан 306 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,8 млрд АҚШ долларын құрады.

Қаңтар айында Ұлттық қордан 350 млн АҚШ долларында валюта сатылды, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 6%-ын құрады немесе ол – күніне 18,5 млн АҚШ долларынан аспайтын мөлшер.

Күтілетін фискалдық түсімдерді ескергенде, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша ақпан айында республикалық бюджетке трансферт бөлуге Ұлттық Банк Ұлттық қордан 350 млн АҚШ долларынан 450 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатылады деп болжайды.

Қаңтар айында айналау операциясы аясында 350 млрд теңге алынды. Ақпанның ішінде осы мақсатта 350 млрд теңге баламасында валюта сату күтіледі.

Ұлттық қор қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ айналау тетігін іске асыру кезінде Ұлттық Банк нарықтың бейтарап қағидатын сақтайды, бұл шетел валютасын тұрақты және біркелкі сатуды білдіреді.

Ұлттық Банк қаңтарда валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.


Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінде валюталық түсімінің бір бөлігін міндетті сату нормасы аясында валюта түсімін сату көлемі шамамен 206 млн АҚШ долларын құрады.

Осыған дейінгі жоспарға сәйкес, БЖЗҚ валюталық активтердің үлесі 40%-дан асатынын екенін ескергенде, Ұлттық Банк қаңтар айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алмады. Ақпанда да валюта сатып алуға қатысты жоспар жоқ.

Шетел валюталарының бағамы

динамикасы


Δ %, база (01.01.25)



GBP	1,27	-0,02	-0,03	0,01
USD	1,00	0,00	0,00	0,00
EUR	0,92	-0,01	-0,02	0,01
CNY	0,14	-0,01	-0,02	0,00
RUB	5,01	0,05	0,15	0,90

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	6 932,30	-0,1	0,2	14,0	-0,2
 Dow Jones	50 115,67	2,5	2,3	12,0	2,4
 PTC	1 118,33	-3,4	1,2	15,8	
 MMBE	2 735,43	-1,7	-0,4	-7,9	
 Hang Seng	26 559,95	-3,0	0,4	27,1	-3,4
 SS CSI 300	4 643,60	-1,3	-2,8	20,8	-1,3
 Euro Stoxx 50	5 998,40	0,9	1,3	12,0	0,9
 FTSEuroFirst	6 788,00	1,1	1,7	14,3	1,0
 FTSE 100	10 369,75	1,4	3,2	18,8	1,5
 KASE	7 560,91	-1,8	5,5	36,2	

Шикізат нарығы

06.02.2026

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	68,05	-3,7	13,5	-8,4
Мұнай (WTI)	63,55	-2,5	13,5	-10,0
Табиғи газ	3,42	-21,4	-2,9	0,4
Мыс	588,20	-0,7	0,4	31,9
Темір	808,00	0,0	-3,1	-0,1
Алтын	4 964,36	1,4	11,4	74,0
Күміс	76,90	-2,1	-0,9	135,7
Астық	529,75	-1,5	2,3	-9,9

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
10.02 Бөлшек сауданың базалық индексі (а/а) (желт)	USD	0,4%	0,6%
11.02 Ауыл шаруашылығынан басқа секторда жұмыспен қамтылғандар санының өзгеруі (қаңтар)	USD	70K	50K
11.02 Жұмыссыздық деңгейі (қаңтар)	USD	4,4%	4,4%
12.02 ЖІӨ (ж/ж) (4-тоқс.)	GBP		1,3%
12.02 Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғаш рет берілген өтінімдер саны	USD	222K	231K
13.02 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қаңтар)	USD	2,5%	2,7%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	12,2%	01.02.26	12,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	71,6	01.02.26	65,4
Ақша базасы, млрд KZT	15 678,7	01.01.26	13 765,3
Ақша масса, млрд KZT	52 751,8	01.01.26	49 027,5
Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 позитивті 22.08.25 BBB-/A-3 тұрақты

Moody's

Baa1/тұрақты 01.10.25 Baa2/позитивті


FitchRatings

BBB/тұрақты 15.07.25 BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15G7M6,
Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers
көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-
қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28



KASE



FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.